

ӘЛЕУМЕТТІК – ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР СОЦИАЛЬНО – ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ҒТАМР: 17.82.32; 17.07.51

ӘОЖ: 82-32; 82:81'38

ОЛАР БІР АУЫЛДАН ЕДІ...

(Ақын Толыбай Абылаев, жазушы Қуаныш Жиенбаев шығармалары туралы)

*Қожанұлы М., филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы*

Андатпа

Мақалада кластастарым Толыбай, Қуаныштың кейбір шығармаларын әдеби, танымдық-тілдік тұрғыда қарастырылады. Олар өзіне дейінгі ақын-жазушылар мектебінен үлгі алып, қоғамда болып жатқан өмір шындығын, ондағы қат-қабат тыныс-тіршілігін айшықты өрнекпен суреттеп, үлкен шеберлікпен, әрі дәлдікпен жеткізуге талпынады. Автор, олардың шығармаларында көтерілген тақырыптарын бірі – прозамен, бірі – поэзиямен суреттелуін рухани-танымдық тұрғыда саралап, зерделеу аясында қазақ әдебиетінің дамуына ықпал етеді деп санайды. Келешекте олардың «ақын-жазушылық шеберханасы» ұлт тілінің байлығын молайтуға септігі тиерін алға тартады, сондай-ақ өзге ақын-жазушылар шығармаларымен сырттай сабақтастық пен үндестіктің бары назарға алынады. Мақалада олардың сонау тұңғыш тереңнен жол тартып, философиялық ойға құруы, тың байламдар жасауы, тілдік формалары мен көркемдегіш тәсілдердің қолданылуы хақында да ой-пікірін ұсынады.

Түйінді сөздер: Қуаныш және Толыбай шығармалары, туған жер, адам тағдыры, Арал тағдыры, замандастар бейнесі, әдеби термин: интеллектуалдық проза, интеллектуалдық поэзия.

ОНИ БЫЛИ ИЗ ОДНОГО СЕЛА...

(О произведениях поэта Толыбая Абылаева, писателя Куаныша Жиенбаева)

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые произведения сокурсников Толыбая, Куаныша в литературном, познавательном-языковом плане. Они берут пример с предшественников школы поэтов-писателей, стараются с большим мастерством и точностью передать происходящие в обществе реалии, жизнедеятельность в них. Автор считает, что одна из поднятых в их произведениях тем способствует развитию казахской литературы в рамках духовно-познавательного анализа и изучения ее описания - прозой, а другая - поэзией. В перспективе их «мастерская поэта-писателя» будет способствовать приумножению богатства национального языка, а также примет во внимание внешнюю преемственность и гармонию с произведениями других поэтов и писателей. В статье также представлен их взгляд на философское осмысление, создание новых связей, использование языковых форм и художественных приемов.

Ключевые слова: произведения Куаныша и Толыбая, Родина, судьба человека, судьба Арала, образ современников, литературный термин: интеллектуальная проза, интеллектуальная поэзия.

THEY WERE FROM THE SAME VILLAGE...

(About the works of poet Tolybai Abylaev, writer Kuanysh Zhiyenbaev)

Abstract

The article examines some works of classmates Tolybai, Kuanysh in literary, cognitive and linguistic perspective. They take an example from the predecessors of the school of poets-writers, try with great skill and accuracy to convey the realities taking place in society, life in them. The author believes that one of the topics raised in their works contributes to the development of Kazakh literature in the framework of spiritual and cognitive analysis and study of its description - in prose, and the other - in poetry. In the long run, their «poet-writer's workshop» will contribute to the enrichment of the national language, taking into account the external continuity and harmony with the works of other poets and writers. The article also presents their views on philosophical reflection, the creation of new connections, and the use of language forms and artistic techniques.

Keywords: the works of Kuanysh and Tolybai, Homeland, the fate of man, the fate of the Aral Sea, the image of contemporaries, a literary term: intellectual prose, intellectual poetry.

Кіріспе. Уақыт шіркін, зымырап өте шығуда...

Біздің ауылдан елімізге, бір кездері Одаққа белгілі атақты балықшы да, инженер де, ғалым да, ақын да, жазушы да шықты. Бұл жолда оларды тізіп шығуды алдымызға мақсат етпедік, тек айтпағым: бірі – ақын, бірі - жазушы кластастарым солардың жалғасы... Олардың өзгелерден артықшылығы, екеуі де бір ауылдан – төлқұжаты – Көнебөгендік...

Бір сәт, сырға толы сарғайған суретке қарап, кеше ғана мектеп табалдырығын тарыдай болып аттап, таудай болып шыққан біздің мектеп бітіргенімізге 107 жыл болса, ал өзіміз бүгін де 70-тен асқан ақсақалдар қатарында жүргенімізді білмей қалыппыз. Уақытты кері қайтара алмайтынымыз осы шығар...

Иә, бұл мақаланы жазуыма түрткі болған бір кездері «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, жазушы Сүлеймен Мәмет болатын. Ол – кластасым Қуанышпен ҚазМУ-дің журналистика факультетінде бірге оқып, кейін аға-інілі бауырдай дос болып кеткен жан еді. Бірде, жұмыс бабымен Сүкеңе (Сүлеймен) барғанымда, маған: «Қуанышпен бір класта он жыл бірге оқыдың және бір кластан («А-Б» демеймін): бірің – ғалым (мені меңзеп), бірің – ақын, енді бірің – мықты жазушы шықты ғой. Неге сен ақын, жазушы кластасыңның шығармалары туралы бір-екі ауыз лебіз білдіріп, газетке мақала бермейсің не ғылыми мақала жазбайсың. Олар туралы өзгелер жазады, бірақ, олар үшін сенің жазғаның бөлек қой. Сонда дегенімше, Сүкең, қайта бір-біріңе деген құрмет», - деді (*бұл жолдарды күнделігімнен алдым*). Одан әрі, Сүкеңе (Сүлеймен) ештеңе демедім. Бұл әңгіме шамамен, 2016 жылы болатын.

Араға 10 жылдан соң, күнделігімді қайта ақтара отырып, жоғарыдағы жолдарды тауып алып, кластастарымның шығармалары туралы бір-екі ауыз лебізбен ойымды білдірудің енді сәті келді деп ойладым.

Қолым қалт еткенде, кітапханадан Толыбай жырларын, Қуаныштың шығармаларын оқитынмын. Олармен анда-санда кездескенімде өткен-кеткенді айтуымен шектелетінбіз. Ұлы Абай айтқандай, «Ақырын жүріп, анық бас...», - дегендей, табиғатымда адамның көз алдында жүруді онша ұната қоймаймын...

Зерттеу материалдары және әдістері. Зерттеу объектімізге орай, әдеби ортада мойындалған, бір ауылдан шыққан, олар екеу еді. Бүгінде кластастарымның шығармалары туралы баспасөз беттерінде сөз етілгені болмаса, олар туралы әдеби-ғылыми ортада әлі де жан-жақты сөз етілмегені назарға алынып, әдеби-танымдық тұрғыдан қарастырылды. Мұның өзі олардың шығармаларының әдеби әлемінде өзіндік орындары бар екенін тағы бір дәлелі болса керек.

Зерттеу барысында кластастарым: Қуаныш Жиенбаевтың «Елде жоқ ережелер» [1], Толыбай Абылаевтың «Арал Атлантидасы» [2] атты жинақтарын және өзіне дейінгі ақын-жазушылардың шығармаларына үлгі алғандығын назарға алып, жұмыста салыстыру-бақылау, талдау әдістері қолданылды. Бұл зерттеу олардың аз да болса шығармашылық жолдарын тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Зерттеуге негіз болған әдеби ортада ақындығы мен жазушылығын мойындатқан кластастарымның шығармаларына әдеби, танымдық-тілдік бағытта талдау жасап, олардың шығармалары туралы келешек зерттеушілерге ой салу мақсатында еді.

Олар өз әлемінде, яғни проза, поэзия да болсын, нені сөз етсе де, сонау тұңғыық тереңінен жол тартып, елдің үнін жоғары қоя білу, философиялық ойға құру, тың байламдар жасау - олардың шығармаларына тән ерекшелігі.

Бүгін де өмірде өз орнын тапқан, әдеби ортада, шығармалары өзге тілдеріне аударылған, елге танымал кластастарым Толыбай мен Қуаныш - мықты ақын, жазушы (*осы жолдарда кластасымның атын жиі атауым, сол бір балалық шақтың көрінісі деп қабылдауым*). Олардың алған марапаттарын тізе беруіме болады. Оқырман үшін олардың екі марапатын атап өтсем де жеткілікті, Қуаныш – Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Толыбай – Ж. Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері.

Жазушы Қуаныштың 2006 жылы жарық көрген «Елде жоқ ережелер» атты жинағы [1]

әңгімелерімен бірге, «Ай, Бөрібай, Бөрібай!» повесі және «Даңқ түрмесінің тұтқыны» атты романымен топтастырылып берілген.

Мақала көлеміне орай, қаламгер Қуаныштың аталған жинақтағы «Әңгімелер» топтамасындағы кейбір шығармалары туралы, яғни бір-екі әңгімелері аясында сөз етуді жөн көрдім. Соның бірі – «Ақмойнақ» әңгімесі [1, 27-38 бб.].

Қуаныштың бұл әңгімесі қоғамда, өмірде жиі кездесетін әлеуметтік мәселемен бірге, психологиялық және интеллектуалдық ізденіске толы, оқырманды терең ойға жетелеген, өзекті және күрделі мәселені әңгіме жанры аясында жинақтай білген шығарма.

Әңгіме: «Тұмсығына анасының оттай ыстық тілі тигенде барып, бүкіл тұла бойы балбырап сала берді. Ғажап! Бұрын-соңды көріп-білмеген таңғажайып әлем құшағында тербетіліп, тағы да біраз жатты. Бір, екі, үш... Бітті. Апыр-ау, осы-ақ па?! Бұған тиесілі рақаттың осымен шектелгені ме? Неге олай? Жарық дүниедегі көрер қызығының бәрі таразыға салынып, әлден өстіп өлшеп-пішілер болса, сол тар құрсақтың ішінде жата бергені жөн емес пе еді? Бірін-бірі аздап итеріскені болмаса, бәріне де де жайлы еді ғой сол құрсақ» [1, 27- б.],- деп, басталған жолдардан автор, бұдан нені айтпақшы болды екен деп, келесі мәтін жолын оқығанда, кәрі қаншық ит туралы айтқалы отырғанын түсінесің де, іштей қызық екен деп, тамсанасың. Сөйтіп, Қуаныш сені астарлы оймен қаншық иттің ойлауы арқылы «бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» болатын әйел адамның ойлауын көз алдыңнан тізбектеп бергенін білмей де қаласың... Қош, солай-ақ болсын.

Қаламгердің әңгіме желісін одан әрі оқырман көзімен қарасақ: «...Қанша күшіктегендігі де есінде жоқ, енді күшіктемес. ...Желкесі күжірейген дәу төбетпен кездейсоқ ұшырасты да, басының анық пәлеге қалғандығын бірер айдан соң бір-ақ білді...» [1, 28-б.],- деген жолдан автор, қаншық ит енді күшіктенбесем деп жүргенде, дәу төбетпен кездесіп, бауырына бала біткенін білмей қалған қаншық итті баяндау арқылы ананың прототипін, одан әрі күшіктері үшін жанталасқан қаншықтың іс-әрекетін көз алдыға алып келеді.

Жазушы негізгі ойын өрбіту мақсатында, кәрі қаншықтың балаларын өзгелерден қорғау үшін жаңа қонысқа көшіп келуі, жылу беретін үлкен тұрбада екі жастың кездесуі, бір күшікті алуы, оған кәрі қаншықтың үнсіз қалуы, балалы болып қалуы, бәрін кездейсоқтық деп қарамай, оқиғаны бірінен соң бірін ұштастыра отырып, оқырманды ойландырып, қарапайым көріністермен философиялық ойға құруы, оның үлкен шеберлігі деп қараған орынды.

Енді осы көріністі жазушы тілімен сөйлетсек, «Сүйгені алыста-тын. ...Үйлі-баранды. Бала-шағасы бар. Ана сол жүгірмектің туған жерге ұрын келмесі бар ма... Екі-үш армансыз қыдырыстаған. Ақмоншақтың есі ауып қалды. Ешнәрсені сезбейді, білмейді. Тек... тек соның дегені болған. Сүйіспеншілік сезімнің қайта оралғандығына шексіз қуанышты еді. Шекара сызығын аңдамай қалды. Әңгіменің ашығы сол. Бала соныкі...» [1, 35-б.],- деуі, бұл жерде қаламгердің көздеген мақсаты: өзін тастап кеткен сүйген адамымен кездеспесем деп жүргенде, аяқ асты кездесуі, сөйтіп, сезім құшағына берілген Ақмоншақтың тұрмыс құрғанға дейін сүйген жігітінен балалы болып қалуы, Ақмоншақты қаншық итпен тағдырлас етіп көрсетуі, жазушы Қуаныштың асқан талғампаздықпен суреттей білген шеберлігін көреміз.

Осы жолдардан түйгеніміз: екеуі де баланың әкесі кім екенін біледі. Бірақ та екеуі де оларға (балаларына) қайтып оралмады-ау, пәтшағарлар,- дейді де, автор, мақлұқ иттің тілімен: «...Бізге адам болу қайда?! Адам баласы ешқашан ұрпағын далаға тастамайды. Оу, өзімізге түр-тұрпаты ұқсас ең құрыса, қасқыр құрлы бола алмаған не сорлылығымыз?! Арлан қасқыр қаншығын қараусыз қалдырмайды. Күшіктеріне де жан жуытпас. Ал біз?..» Құдай-ау, ең болмаса... ең болмаса өз қанынан жаралған мыналардың ауыздарына дәм әкеліп салмасын, иісін сіндірмесін, ал бәрінен бұрын бұл араның қолайсыздығын сезініп, тасалау жерге көшірісуге аздап қол ұшын берсе қайтер еді?» [1, 28-29 бб.],- деген жолдардан отбасылық құндылықты, балаларына деген әкелік махаббатын сезінсе деген философиялық ойды алға тартады.

Біздіңше, жоғарыдағы асты сызылған жолдардағы сабақтастық желісін жазушы әңгімесінің шарықтау шегінде:

«...Жә-жә, ендігісін өзің шеш, мен болдым!..

Қазір екеуі екі бөлек үйде тұрады. Тек Ақмойнақ қана екі үйдің арасына ертеңді-кеш алма-кезек қатынайды» [1, 38-б.],- деп аяқтауы, Мұратхан кезінде Ақмойнақ күшікті қалай асырап алды, баланың ешқандай кінәсі жоқ, ол да осында тұрады,- деп, баланың тағдырын екі ортада жүрген Ақмойнақ арқылы негізгі ойды осылайша түйіндейді. Біз бұдан Қуаныш әңгімесінен, яғни адамның өмір сүруі, мәні мен жауапкершілігін, т.б. экзистенциалдық ойларын анық көреміз.

Бұл әңгімеден байқағанымыз: қазақ әдебиетінде жиі қолданылатын «интеллектуалдық проза» терминінің көрінісі бар. Себебі, әңгімені бір оқығаннан-ақ, оқырманға ой салып қана қоймай, ойлануға, талдауға, автордың философиялық, әлеуметтік, экзистенциалдық ойларын, яғни сезімге ерік беріп, өзгенің отбасының шырқын бұзған (*дәу төбет, бір кездегі сүйген жігіт*) ер адамның образын астарлап, психологиялық-философиялық ізденіске толы ойға құрылғанын көреміз.

Қуаныштың тағы бір әңгімесі – «Ұры» (Елшілік қызметкерінің әңгімесі) [1, 72-82-бб.].

Әңгіме атауынан күнделікті елімізді болып жатқан, есітіп жүрген ұры-қарлық туралы жазылған әңгіме болар деп ойлап қаласың. Шынында да солай ма? Жоқ, олай емес. Қарап тұрсаң, бала тағдыры, бала саудасы, шетелдіктердің баланы асырап алуы, яғни қоғамның басты байлығы, адам капиталы туралы.

Біздіңше, Қуаныштың жоғарыдағы әңгімесінде («Ақмойнақ») ана мен бала тағдырын, яғни адам капиталын қаншық иттің күшіктері арқылы астарлы оймен, асқан талғампаздықпен суреттеп сөз етсе, «Ұры» әңгімесі арқылы тағы да адам капиталын Қуаныш шетелдіктердің қазақ балаларын асырап алуы туралы өте күрделі мәселені бір ғана әңгіме қауызында жинақтап, баяндауы жазушының шеберлігі болса, келешекте мемлекеттік деңгейде оның алдын алу жолдарын қарау керек деген мәселені алға қойғанын байқаймыз.

Әңгіме желісі елшілік қызметкердің айтуымен өрбіп отырады. Сонымен, оқиғаға ойысқас: шетелде, яғни нақтырақ айтқанда, наурыз айында Қазақстанның Американың Солт-Ләйк-Сити қаласында өткізілген халықаралық көрмеге қатысуы. Көрме болған соң, келімді-кетімді адамдардың болуы заңдылық. Бірақ Қуаныштың бұл әңгімесі, сол көрмеге жиі келіп жүрген кешегі ел асып кеткен, өзін жапон баласымен таныстырған бүгінгі америкалық он үш-он төрт жасар қазақ баласының тағдыры туралы.

Әңгіменің байыбына бір қарасақ, бұл баланың ата-анасы тағдырдың тауқыметімен осы жерге елден келген шығар дей салуға болады. Алайда, әңгімені оқи отырып, сен ойлағандай емес, өте күрделі, әрі сол 90-шы жылдары елдегі күрмеуге келмеген қиын кездер де тағдырдың жетегінде кеткен бала саудасы екенін ұғасың да, қиналасың. Сол кезде жақын адамдарды былай қойғанда, оларға қоғамның, мемлекеттің көмек қолын соза алмағанына іштей қапаланасың...

Осы жерде, әңгіме өзегіне ой жіберсек, көрмеге жиі келіп жүрген колледж оқушысы жапон баласымын деп, өзін осылай таныстырса да, мен оны ауыл баласына көбірек ұқсататамын,- дейді, Әлібек-Алекспен жақсы тіл табысқан, елші қызметкері. Алайда, сол баяғы Курил аралдарындағы балықшылар өмірі, олардың теңіз үстінде арпалысқан сәттерін айтудан бір жалықпаған жапон баласының әңгімесін елші солай баяндады,- делік. Ал Қуаныш болса, осы бір эпизодты әңгімесіне деталь ретінде алып, Куриль аралдарындағы балықшылар өмірін бұлбұлдай сайрап тұрған жапон баласымын деп таныстырған қазақ баласын ойша сипаттай келіп, автор: «Титімдей болып өзінің жер тесерін қарашы-ей! Курил аралдарындағы кереметтерді айтып тауыса алар емес. Мені мықтап сүріндірмекші. Балықшы әкелерін екі-үш айлық маусымдық жұмысқа қалай шығарып салатындарын және қалай күтіп алатындарын айтқанда бар ма, аузыңнан суын ағызады. Көктем айларындағы мұхит сеңдерінің қатты ағыс әсерімен жағалауға тау боп үйіліп қалатындығын әңгімелегенде де кісі жалықтырмайды. Сірә, эмигрант жапондар өмірін біраз зерттеген, тәйірі! Әлде өзінің де ішкі есебі бар ма білмеймін» [1, 77-б.],- деп аяқтайды. Осы жолдардан қазақта: «Жан тартпаса да, қан тартады»,- дегендей, Қуаныш шығармаларының өн бойынан теңіз жағалауында өмір сүрген адамдар тағдырымен ұштастыруы, өзінің сол бір балалық шағы, көзін ашып көргені мен түйгені теңіз жағалауымен байланысы, балықшылар өмірі, әкесіне көмектесе жүріп, теңізбен сырласуы, мұңдасуы, туған

жерге, Арал теңізіне деген ұлы махаббаты деп түсінеміз.

Бұл тұрғыдан келгенде, Қуаныш алдыңғы толқын классик жазушылар Ә. Нұрпейісов, Ә. Сәрсенбаев, эколог-қаламгер С. Жұбатыровтың, қала берді, әлем әдебиетіндегі Э. Хемингуэй, Ш. Айтматов, А. Беляев, т.б. жазушылардың балықшылар өміріне жазылған шығармаларынан үлгі алып, балықшылар өмірін бір ғана әдебиеттің әңгіме жанры арнасында шет жерде жүрген қазақ баласымен байланыстыруы, оның үздіксіз еңбектенуінің нәтижесі деп білеміз.

Көрме аясында елші қызметкері қазақ баласы Әлібек-Алекспен біраз уақыт жасырынбақ ойнағын айта келіп, автор: «Қайдағы Курил аралдары құлдығым-ау, Қарағандыдан, Нұра өңірінен келіп едім десен қалай жарасар еді. Америкалықтардың біздің елден бала асырап алу тәжірибесі Қарағанды облысынан басталған еді ғой» [1, 77-б.],- деп, одан әрі Әлібек-Алекспен қазақша сөйлескенін, қазіргі асырап алған ата-анасы, осы жерге қалай келгенін айтып шыққанын, өмір жолын шахмат тақтасындай жайып салғанын байқаймыз.

Сонау Америкада жүріп, қазақ тілін қалай ұмытпай жүрсін деген сауалыма, мен бұл жерге ес біліп қалғаным да келдім,- деп әңгімені қысқа қайырды, Әлібек. Осыны жазушы тілімен сөйлетсек: «-...Жаттанды жыр ғой баяғы. «Қазақ тілін қайтіп ұмытып қалмай жүрсің? Біздегі «жаңа қазақтар» ана тілінде сөйлеуге арланады. Ал сен Америкада жүріп...» Қалай сұрағыңыздың дәл төбесінен түстім бе?

- Иә, дегенмен жақындадың.

- Түсімде ылғи туған жерімді көремін. Нұра өзенінің жағалауы. Сосын біразға дейін ояу жатамын. «Құдайтағалла кінәм болса кеше гөр, мұнан былай тыныш ғұмыр бере гөр» деп құлшылық етемін. Қалай шамаға соға ма. Құдайды аузына алған адам ана тілін ұмытпауға тиіс. Ана тілін ұмытатын құдайсыздар ғой.

- Дұрыс, дұрыс айтасың, Әлібек...» [1, 79-б.],- деп, осы жерден жазушы ойын жинақтағандағы мақсатымыз: оңы мен солын біліп қалған баланың ана тілін ұмытпауы, туған жеріне сағынышы, тіліне деген құрметі екенін Әлібек аузымен «Ана тілін ұмытатын құдайсыздар ғой» - деуі, автор, ана тіліне немқұрайлы қарайтын «жаңа қазақтарға», қала берді, бәрімізге үлкен сабақ екенін алға тартады. Сондай-ақ, автор, қазақ елінде тұратын әрбір азаматтардың мемлекет тілін де білу керек деген ойын тұспалдап жеткізеді.

Сонымен, қайтатын және Әлібекпен қоштасатын кезде келді. Көрмені табысты аяқтадық-ау,- дегенімізде, аяқ астынан біздің көрмеге «ұры түсті» деген дабыл да жетті. Сөйтіп, біраз әуреге түстік,- дей келе, көрмеден ұрланған нәрсе - біз елей бермейтін жәй ешкінің терісі – тулақ қана. Оны ұрлаған шетел асқан қазақ баласы Әлібек болып шықты. Біздер, оны аяп жүрсек, ал Әлібек бойында заң алдында жауап беремін деген ешқандай үрей де жоқ. Көп ұзамай Әлібек полицияның құлағына әлдене деп сыбырлауы мұң екен, ол сізге айтар деп мені шақырды. Осы көріністі жазушы былай суреттейді.

«- Аманжол аға,- деді Әлібек, - бүгін Америкаға келгелі тұңғыш рет рақаттанып ұйықтадым. Бәлкім, ол ақ туша терісінің шығар. Сіздер оны қайдан байқайсыздар. Тушаның терісінен қандай иіс шығатындығын білесіз бе? Аромат! Қорықпаңыз, мені түрмеге жаба алмайды, кәмелетке жасым толмаған. Айып төлетеді де ертең босатып жібереді.

Айтқандай, ертеңінде Әлібек бізбен қоштасу үшін таң азанмен қонақүйге жетіп келді.

- Аға, - деді дауысы дірілдеп, - ақшасын төлейін, сол ақ тушаның терісін маған қалдырып кетіңіздерші!.. Астыма төсеп жатайын. Сонда ғана алаңсыз ұйықтайтын секілдімін.

Тастай алмадық...» [1, 82-б.],- деген жолдардан жазушы, ел асып кеткен қазақ баласы үшін қазақтың көшпенділер тұрмысының бір көрінісі теріден жасалған тулақ арқылы да ұлттық құндылықты дәріптеудің маңыздылығы мен мағынасын осы шығармасынан да интеллектуалдық ізденіске, оқырманын ойландыруға бағытталғанын көреміз.

Қуаныш әңгімесінің негізгі түйіні: әңгіме тақырыбы «Ұры» сөзі де, балықшы өмірі де, ана тілінің құдыреті де, тіпті, көрмеден ұрланған тулақ та сол шетел асқан қазақ баласының тағдырымен сабақтастыруы арқылы «біз, осы кіміз?» сұраққа бірігіп жауап іздеуді алға қояды. Бір сөзбен айтқанда, Қуаныштың осы екі әңгімесінен интеллектуалдық проза бағытының көрінісін айқын көруге болады.

Біз, сөз етіп отырған Қуаныш әңгімесі шетел асқан қазақ балаларының тағдырлары жайында жазылған әңгімелердің бір парағы ғана. Амал қанша... Сонау жылдары қаншама қазақ баласы шетел асып кетті десеңізші...

Оқырман назарына: елімізде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінде Балалар құқықтарын қорғау комитетінің құрылып, жұмыс істеуі, сондай-ақ, Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттігінің құрылуы, сол бір жылдары жіберілген қателіктің орнын толтыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстың нақты көрінісі десек артық айтқанымыз емес.

Жалпы, Қуаныш әңгімелерінің кез келген тақырыбы күнделікті көріп жүрген, өзімізге таныс мәселелерді қарапайым замандастардың образдары арқылы жан-дүниесін, психологиялық жағдайын астарлы оймен, дәлдікпен суреттейді. Мысалы, Қуаныш бүгін де елімізде өркен жайған бизнес саласындағы түйткілдерді «Сатқын» әңгімесінде де [1, 39-51-бб.] алға тартып, мылқау досы суретші Өмірзақтың суретін алаяқтық жолмен бір кездегі досы Әділбектің сатқындық жасаған іс-әрекетін нанымды түрде суреттейді. Осы арқылы қоғамдағы адал еңбекпен нәпіақысын тауып жүрген Өмірзақ сияқты адамның бизнесін пайдаланып, түрлі китүрқы, алаяқтық жолмен жеңіл пайда тауып жүрген адамдардың образын қатар алып суреттеуі, Қуаныштың алға қойған ең басты өмірлік ұстанымы (кредосы) екенін аңғарамыз. Бір сөзбен айтқанда, Қуаныштың осы әңгімесінен бір қарағанда, еліміздегі жемқорлардың өзге азаматтар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкін алаяқтық жолмен тартып алу мәселесін мемлекеттік деңгейге дейін көтергенін астарлы ойымен жеткізе білген.

Қуаныш әңгімелерін зерттеу барысында, назар аударылған оның тіліндегі ерекшеліктердің бір тобы: *құмбыл, бәли, әжік-гүжік, ілкі, кіді*, т.б. сөздер қазіргі қазақ тіліндегі сөздік қор мен құрамның (лексикалық қабаттың) бірі және ауызекі сөйлеу тілінде немесе ауыл диалектінде сақталған сөздер екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, жазушы тілінде аймақтық сөздердің келуін заңдылық деп, оның тілінің ерекшеліктерін өз алдына жеке мәселе ретінде қараған орынды.

Теңіз толқынынан «Аралтау» тауын тұрғызып, Сырдың сыршыл «Аққұдайы» (*астын сызған - біз, бұл - менің жеке пікірім*), кластасым Толыбай жырларына келсем, бір ғана теңіз тақырыбын - Қуаныш прозамен тізбектесе, Толыбай - поэзиямен өрнектейді. Міне, бір ауылдан шыққан екеуі әдебиеттің екі арнасында теңізбен сырласып, үндесуі дегеніміз осындай болар...

Бірде кітапханада Толыбайдың екі кітабы көзіме түсті: бірі – «Аралдан соққан жел» атты өлеңдер жинағы, енді бірі – «Арал Атлантидасы» деп аталатын жырлар жинағы. Мені Толыбайдың «Арал Атлантидасы» [2, 2011] (одан әрі-Жинақ) атты кітабының атауы қызықтырды. Тіліміздегі «Атлантида» сөзі көзі қарақты адамға түсінікті болса да, осы арқылы ақын не айтпақшы болды екен деп, Толыбайдың жырларына ден қойдым. Нақтырақ айтқанда, ақын ежелгі грек аңызы бойынша Атлант мұхитында болған құрлық немесе аралды иеленген [3], тарих қойнауындағы теңіз құдайы «Атлантиданы» Арал теңізі тағдырымен байланыстырып, сыр шерткен сыршыл жырына тамсандым. Рухани азық алдым десем де болады...

Осы орайда, Қазақстанның халық жазушысы, қазақ поэзиясының абыз ақсақалы, ақын Ә. Тәжібаев кезінде В. Белинскийдің поэзия туралы айтқан сыни пікірін Абай поэзиясына тән десе, кейін осы пікірін қайталап, Мұқағали поэзиясына да ортақ деп, одан әрі: «...Біз осы құдыретті белгілердің бәрі де Мұқағали поэзиясынан да түгел табылады дейміз» [4, 7 б],- деп жазғандай, асты сызылған жолдардан Толыбайдың табиғи, әрі ізденіс-еңбегімен келген талант-дарынының арқасында туған жырларында бар деген ойды аңғарғандай боламыз. Жоғарыдағы ақын ағаның ұлы Абайға, Алатаудың ақиық ақыны Мұқағалиға берген бағасын Толыбай жырларымен қатар қойып, мақтауын асырып жібергенім де болар. Оқырман, бұл менің жеке көзқарасымды кластасыма деген шынайы құрметім деп білгені абзал.

Бүгінде бәріміз 70-тен асқан қарттар сапында жүрсек те, жоғарыда Сүкеңнің «олар үшін сенің жазғаның бөлек қой»,- дегеніндей, ақын Толыбайдың жоғарыда аталған Жинағынан: бірі - «Арал көшіп барады», енді бірі – «Арал көшіп келеді» атты өлеңдеріне тоқталуды жөн

көрдім.

Біздің пайымдауымызша, Толыбайдың жоғарыдағы аталған осы екі өлеңінде «Арал Атлантидасы» көрініс тапқанын аңғарамыз. Сонымен, «Арал көшіп барады» өлеңінде:

«Біз тартпаған азапты,
Білгіш болсаң,
Санап көр!
Ат жалында,
Атан қомында,
ауа көшіп барат-ты ел
Тамашасы таусылмас,
тарады елім.
Тарады!
Күңіреніп,
Күйзеліп,

Арал көшіп барады» [2, 3 б],- деген өлең жолынан басталып, соңына дейін осы ырғақ пен әуенді сақтай отырып, сонау әлімсақтан бері өркендеп, гүлденген Арал келбеті, бүгінде мұңға айналған Арал тағдырын көзалдыңа алып келіп, қайран, «Алты алаштың Аралы» деп түйіндейді.

Ақын бұл өлеңінде елімен бірге мұңайып, елдің мұңға толы, шерлі жүрегін осылай жырымен өрнектесе, ал «Арал көшіп келеді» өлеңінде:

«Көшкен құмға,
басқынға
Бас ұрмаған ел еді,
Алты қырдың астында,
Арал көшіп келеді.
Төркін жұртын сағынып,
Кеткен қыздай кешегі,
Теңіз болып,
Зарығып,
Көш келеді көшелі,- десе,

енді бірде:

Көшкен елге,
Ауылға
Қайта оралған өмір боп
Келе жатыр дүние-ай,
Бүлк-бүлк еткен донор боп...

Арал қайта оралып келеді, ағайын!» [2, 30-31-бб.],- деп, бар әлемге қуанышын жырымен үн қосып, елімен бірге қуанған, Сырдың сыршыл «Аққұдай» ақыны Толыбайды көреміз.

Талдау барысында, аталған өлеңдерінде ақынның соңына дейін ырғақ пен әуенді сақтауы, сөз қолданысы, стилі және ерекшелігі десек те, оның М. Шаханов поэзиясымен үндестігін аңғаруға болады.

Зерттеу аясында қазақ поэзиясында (жыраулардан бастап қазіргі ақындарға дейін) бар қайталау тәсілінен Толыбай да алыстап кетпейді, қайта ұйқастағы дыбыс мәнерлігін табуы, ырғақты түрлендіруі, интонация жасауы, оның поэтикалық мағынамен қабыса байланысуы үшін жиі қолданылғанын көреміз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ поэзиясындағы қайталау тәсілі сан ғасырлық тарихы бар әдебиеттің көркемдік құралының (фигура) бір түрі екені белгілі. Қазақ поэзиясындағы бұл тәсілді ғалым С. Негимовтің: «Дыбыстардың ырғақтық қайталануы, интонациялық-музыкалық мәні, экспрессивтік-эмоционалдық бояуы сөз әсерлігін арттыра түседі» [5, 83-б.],- деген пікірі, Толыбай поэзиясына да тән құбылыс деп қараған жөн.

Мақала көлеміне орай, жоғарыда аталған өлеңдері аясында Толыбай жырларында қолданылған қайталаудың кейбір түрлеріне, соның ішінде ақын поэзиясында дыбыстық

қайталауларды былай қойғанда, мынадай қайталау түрлері де кездеседі.

1) Лексикалық, оның ішінде қарапайым қайталау (*бір сөздің қайталануы*):

...тарады елім,

Тарады...

Арал көшіп барады [2, 3 б].

2) Анафоралық, оның ішінде әуендік-лексикалық анафоралық қайталау:

1. ...Күңіреніп,

Күйзеліп,

Арал көшіп барады

Тебіреніп, теңселіп,

Арал көшіп барады [2, 3 б].

2. Алты қырдың астында,

Арал көшіп келеді.

Айдынында күн ойнап,

Арал көшіп келеді» [2, 30-б.],- деген мысалымыздың алғашқы екі жолында ақынның қанаты қайрылып, мұң шалған тұсын (*күңіреніп, күйзеліп; тебіреніп, теңселіп*) берсе, келесі екі жолында ақын қуанышын (*алты қырдың, айдынында*), поэтикалық ойы мен мағыналық мәнін, шарықтау шегін әуендік-лексикалық анафора арқылы жеткізе білген.

3) Эпифоралық қайталау:

Қайта оралған өмір **боп**

Келе жатыр дүние-ай,

Бүлк-бүлк еткен донор **боп**... [2, 31-б.] – деген өлең жолындағы **боп** сөзімен аяқталуынан ақын, бір жағынан ұйқас жүйесін сақтаса, екінші жағынан, соңғы сөздің қайталауы арқылы ұйқастың әр түрлі сөз таптарынан жасалатынын, оның ішінде қазақ өлеңінде етістік ұйқастар өнімді әдістің бірі екенін аңғарамыз.

4) Дыбыстық қайталау:

Жайсаң едім жағалы.

Жел айдаған бұлттардай,

Жауаңдаған жетімдей,

Арал көшіп барады [2, 4-б.].

Күміс керуен келеді.

Шағалалар шарқ ұрып,

Толқын төсін емеді...

.....

Арал көшіп келеді [2, 30-б.],- деген жолдардағы **-дай/дей** және **еді** - дыбыс өрнектері, ақын өлеңінің көркемдік қуатын, тармақтың әуезділігін, стильдік мәнін, эмоционалдық күйін асқақ әуенмен үндестіріп тұрғанын көреміз. Ал енді жоғарыдағы дыбыс өрнегін *-дай/дей, -e-di* қосымша тұрғысынан қарасақ, оның сөз қолданысы мен стильдік ерекшелігі деп, айтпақ ойын стильдік талабы мен талғамына қарай, өмірдегі құбылыстың қайталау процестерін етістіктің *-дай/дей, e-di* қосымшасы арқылы өлеңнің ұйқасын нәрлендіріп, түйіндейді. Сөйтіп, мұның өзі поэзияда бір жағынан – дыбыстық қайталау болса, екінші жағынан – морфологиялық тәсіл екенін көреміз.

Ақын Толыбай аталған өлеңдеріндегі кейіпкердің (*астын сызған – біз, өз тағдырын*) ішкі күйзелісін, ой толғанысын көрсету үшін поэзиядағы қайталау әдісін белсенді қолданылғанын көреміз. Бір сөзбен айтқанда, поэзиядағы қайталау тәсілі өлеңдегі сөз мағынасы мен әуенін күшейтіп, ой кестесін түрлендіруге қызмет етіп қана қоймай,

эмоционалдық-эстетикалық әсерлілігінің арқасында оның көркемдік әлемін анық көрсетеді.

Кез келген ақын поэзиясында тіліміздегі кейбір сөздердің жаңа мәнге ие болуы тілдік тұрақты құбылыс екені белгілі. Осы заңдылықты ақында сырт айналып өте алмайды. Соның бірі - жоғарыда аталған өлеңдеріндегі *кісәпір*, *донор*, *қарамы* сөздерін айтсақ та жеткілікті. Мысалы:

«Кісәпірлер құртты Алла-ай!

Жайсаң едім жағалы» [2, 3-4 бб.],- деген өлең жолындағы *кісәпір* сөзі сөздік қорда бар, бірақ кейде оны әдебиетте, ауызекі сөйлеу тілінде «дінсіз, кәпір» деп, діни мағынасында айтылса, қазіргі қазақ тілінде бұл сөз діни мәнінде емес, адамның мінез-құлқының теріс, қу, арамза, т.б. мағынасында қолданылады. Сөйтіп, ақын қазақ тіліндегі «қу, арамза» сөзінің синонимін «кісәпір» сөзі түрінде алғанын байқадық.

Толыбай ақын адамның тіршілік көзі – суды, адам мен жануарлар ағзасындағы барлық мүшелер мен жасушаларды байланыстырушы ең маңызды сұйық орта «қан» сөзімен байланыстырып, оны алмастырушы «донор» сөзіне теңейді, сөйтіп:

«Көшкен елге,

Ауылға

Қайта оралған өмір боп

Келе жатыр дүние-ай,

Бүлк-бүлк еткен донор боп...

Арал қайта оралып келеді, ағайын!» [2, 31-бб.],- деп, ақын өлеңіндегі *донор* сөзі латын тілінде «сыйлау, беру» мәнінде тілімізге енгені белгілі. Ал қазақ тілінде және күнделікті өмірде ең жиі кездесетін *донор* сөзі, медицинада – өз қанын, қан компоненттерін (плазма, тромбоциттер т.б.), сүйек миын немесе мүшелерін (бүйрек, бауыр бөлігі, жүрек т.б.) басқа адамға (науқасқа) ерікті түрде беретін адам деп ұғамыз. Олай болса, Толыбай ақын, ауылға келіп жатқан суды *қан* арқылы *донорға* теңеп, айтар ойын стильдік тұрғыда тіліміздегі өзге тілден енген сөздік қордағы бар сөзді орнымен, ұтымды, шебер қолданыла білгенін аңғарамыз.

Тілімізде жиі айтылатын *арам* сөзі, әсіресе, діни контексте *қарам*, *һарам* (*харам*) сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Ақын Толыбай:

«Қайғы шегіп,

Жабығып

Жанын улап жаралы.

Салтанатын сиретіп

(Қандай еді-ау, қарамы).

Қабырғамды күйретіп,

Арал көшіп барады» [2, 4-бб.],- деген өлең жолындағы *қарам* сөзінің мән-мағынасына ерекше ден қойып, мұсылмандық құқықта тыйым салынған түрлі әрекеттерге немесе заттарға қарамастан, адам баласы арам пиғылды ниетімен жасаған іс-әрекетінен кешегі өркен жайған Аралдың келбетінен айрылуын *қарам* сөзімен өрнектей отырып, ұтымды қолданылғанын анық көреміз.

Оқырман назарына: «Атау бар жерде – тарих бар» - дегендей, Толыбай жырларында туған жердің жер-су атаулары молынан ұшырасады. Оның басты сыры: «әкенің құтымен, ананың сүтімен дарыған» бар болмысымен «Ауылым-Аралым» деп жырлаған ақын, туған жердің әрбір аулы, өзен-көлі, теңізі, төбесі мен жотасы, тасы, айқыш-ұйқыш жолдарымен жүрген әрбір ізін поэзиясымен сөйлете білгенін көреміз.

Бір сөзбен айтқанда, ақын Толыбай нені жырласа да туған жерді ме, асыл ананы ма, айнымас достықты ма, табиғатты ма, ата қонысты ма, махаббатты дейсің бе, бәрі-бәрі – өзінше ешкімге ұқсамайтын тың байламдар жасау – оның шығармасына тән ерекшелік. Және бір қызығы: ақынның айтар ойы, сезімі кейіпкер тағдыры емес, өз тағдырымен тікелей астасып жатады. Ол сөз маржаны мен поэзиялық бояуларын халықтан («Тіл–Сана–Ұлт»), ал олардың әлемін «Адам-Табиғат-Қоғам» (Ә. Қайдар) аясындағы үштікаралық қарым-қатынастан іздей отырып, оның жырларында қазақ поэзиясында белең ала бастаған интеллектуалдық поэзия нышандарын аңғарамыз. Өйткені, «интеллектуалдық» термин сөзі прозаға қарағанда,

поэзияда, яғни «интеллектуалдық поэзия» термині жиі қолданылмаса да, Толыбай өлеңдерінде соған жақын өмірдің құбылысы мен мәнін, аллюзиялар және тілдік көркемдегіш құралдар арқылы философиялық оймен жеткізуі, яғни қазақ поэзиясында көрініс тапқан интеллектуалдық поэзия бағытының (концептуалды ой) элементтерін байқауға болады.

Қуаныш – Толыбайды – «Айыбы – ауылда тұратыны» деп мақтанса, мен (*осы жол авторы*) – Толыбайды – «Ауылым-Аралым деп, Сырдың сыршыл «Аққұдайы» деп мақтанамын.

Иә, бірі – қалада, бірі – далада жүріп жатса да, көтерген тақырыптары әр алуан болса да, ал теңіз мәселесіне келгенде бір-біріне ұқсамайтын теңеулері, буырқанып, көкке көтерілген теңіз толқынындай, өткір алмас қылыштай сөз саптаулары мен жырларынан Қуаныш пен Толыбайды «әдебиеттің алдаспан» ақыны мен жазушысы десем артық айтқандығым емес.

Қуаныш пен Толыбай шығармаларында азаматтық, қоғамдық мәселелерді көтеру, өмірдің жаңалығын арқау ету, бүгінгіміз бен болашағымызды күнделікті қат-қабат тыныс-тіршілік, аңыздық сюжеттер арқылы бейнелеп сипаттау, сөздің мағынасын жаңа қырынан ашып көрсету, психологиялық-философиялық-образдық ойға құру, көркемдік қасиетін мол қамту арқылы қазақ әдебиетінің кемелденіп, дамуына жаңа тың серпін берді.

Қорытынды. Зерттеу объектімізге орай, қазақ прозасы мен поэзиясы әлемінде орын алған кластастарым Қуаныш, Толыбай шығармалары туралы хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық. Жоғарыда айтылған пайымдаулардан, бір мақалада аясында аталған кластастарымның шығармаларын жан-жақты талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан Қуаныш және Толыбай шығармаларын зерттеушілерге бағыт-бағдар немесе ой салу деп қараған жөн болар. Олар қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар және қалыптасқан, оқырманын бейжай қалдырмайтын Арал теңізінің асау толқынындай өршіл де, сыршыл, бірі - прозашы, бірі - ақын қаламгерлер. Олай болса, олардың шығармаларына, оларға құрметпен бас иетін, табынатын (культ) оқырманы бар екеніне кәміл сенеміз.

Жазушы Т. Әбдіковтің «Еңбекпен келген даңқ - ақын үшін үлкен бақыт, бірақ та нағыз ақын (*астын сызған-біз, ақын, жазушы*) қашан да халқы бақытты болғанда ғана өзін бақыттымын» [6, 14-б.] - деген жолдарын кластастарым Қуаныш пен Толыбайға да арналғандай, оқырманы бар да олар - бақытты. Біздер, кластастар, осы екеуімен мақтанып, оларға «бүгінгі әдебиет майданында өзіндік қолтаңбасы бар аға буын өкілдері және құбылыс иелері (феномен)» деген жолдарды қосып айтсақ, әманда, олар шығармаларымен бірге, қазақ әдебиеті әлемінде биіктей беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Жиенбай, Қ. Елде жоқ ережелер. – А.: Өлке, 2006. – 320 б.
2. Абылаев, Т. Арал Атландидасы. Жырлар/Т. Абылаев. – А.: «Қазығұрт» басп., 2011. – 254 б (электронды каталогтан).
3. Атлантида//<https://kk.wikipedia.org/wiki/Атлантида> - қараған күні – 04.02.2026ж.
4. Мақатаев, М. Өлеңдер, поэмалар. Т.1. Соғады жүрек/Құраст.: Л. Әзімжанова, С. Дәуітов. – А.: Жазушы, 1982. – 320 б.
5. Негимов, С. Өлең өрімі. – А.: Қазақ ССР-інің «Ғылым» басп., 1980. – 136 б.
6. Шаханұлы, М. Дәуір дастандары: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – А.: Жазушы, 1993. – 317 б.

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, АР-ИМАН ТАҚЫРЫБЫ*Қоспанова А.О., оқытушы, ayymkul.kospanova@mail.ru**Егізбаева А.Е., кітапханашы, egizbaeva-63@mail.ru**Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы***Аңдатпа.**

Осы мақаланы жазбас бұрын көптеген ақпараттарды жинап, ақын өлеңдерінің мазмұнына жете мән беріп, түйінін терең түсінуге тырыстық. Шыны керек, қызығушылығымыз басым болды. Өз халқының мұңын жырлап, жоғын жоқтап, болашағына алаңдап, адам бойындағы игі қасиеттерді тілге тиек ете отырып, өлең жазу - Шәкәрім шығармашылығының басты идеясына айналған екен. Мақалада Шәкәрім шығармашылығындағы адами құндылықтар, адами қасиеттер, ұлы Абай дәстүрін жалғастырудағы орны сыни тұрғыдан пайымдалады. Ақын көзқарасының жалпы адамзаттық, ұлттық, халықтық тәрбиемен байланысы және білім беру мен тәрбиелеу процесіне пайдалану тиімділігі көрсетіледі.

Түйінді сөздер. Ұлт ойшылы, ар ілімі, адам тәрбиесі, адал еңбек, арлы ақыл, имани құндылықтар, ұлттық дүниетаным, жаңа заман адамы, ұлттық тәрбие.

Аннотация.

Перед написанием данной статьи были собраны различные материалы, проведён анализ содержания стихотворений поэта и предпринята попытка глубокого осмысления их идейного смысла. Следует отметить, что интерес к теме был особенно высоким. Показано, что основная идея творчества Шакарима заключается в поэтическом осмыслении человеческих страданий своего народа, переживаний за его будущее, а также в обращении к нравственным качествам человека и его духовному развитию. В статье критически осмысливаются гуманистические ценности в творчестве Шакарима, его человеческие качества и роль в продолжении традиций Абая. Также раскрывается связь мировоззрения поэта с общечеловеческим, национальным и народным воспитанием, а также эффективность использования его идей в образовательном и воспитательном процессе.

Ключевые слова: национальный мыслитель, учение о совести, воспитание человека, честный труд, нравственный разум, духовные ценности, национальное мировоззрение, человек нового времени, национальное воспитание.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасауы арқылы интеллектісін байыту-қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», - делінген.

Ал, Қазақстан Республикасы Конституциясында бүкіл қоғамның, сол сияқты жеке тұлғаның мәдени дамуының басты құралы-жас ұрпаққа білім беру мен ғылымды, мәдениет пен өнерді заман талабына сай өркендете отырып, тұлға бойында имандылық, эстетикалық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Қазіргі таңда қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бетбұрыс адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырылып, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, оның сапа-қасиеттерін бойына сіңіру қажеттігін айқындап отыр.

Педагогикада тұлғаны адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мәселері көптеген ғылыми зертеулерге арқау болғаны белгілі. Атап айтқанда, рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, маңызы туралы ұлы ойшыл ғұламалар, қоғам қайраткерлері мен ағартушы педагогтар: әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Өтебойдақ Тілеуқабылұлы, Қожа Ахмет Йассауи, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмухамедов, Н.Құлжанова, т.б. қарастырды.

Адамгершілік тәрбиесі ізгілікке, инабаттылыққа, адалдыққа, ұлттық құндылыққа баулудың жолы болып табылады. Адамгершілік тәрбиесі-тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқа сапаларымен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары